

**Сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 119 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 31429 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес ақша қалдықтары туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес орналастырылған салымдар туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес "кері репо", репо операциялары туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес инвестициялық кірістер туралы есептің нысаны ;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылған кепілдік төлемдері, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфель туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдер туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес меншікті активтерді инвестициялау лимиттерінің сақталуы туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражатын және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау лимиттерінің сақталуы туралы есептің нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес Сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның есептілікті табыс ету қағидалары бекітілсін.

2. Сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын электрондық форматта осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында көзделген есептілікті ұсынады.

### 3. Мыналардың:

1) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 261 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14588 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 22 ақпандағы № 11 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22309 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

6. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы

Г. Пирматов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту агенттігі

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы  
2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 119 Қаулыға  
1-қосымша

**Сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым есептілігінің тізбесі**

Сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым есептілігінің тізбесіне мыналар кіреді:

- 1) ақша қалдықтары туралы есеп;
- 2) орналастырылған салымдар туралы есеп;
- 3) бағалы қағаздар туралы есеп;
- 4) "кері репо", репо операциялары туралы есеп;
- 5) дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп;

6) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві туралы есеп;

7) инвестициялық кірістер туралы есеп;

8) жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есеп;

9) жүзеге асырылған кепілдік төлемдері, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер туралы есеп;

10) меншікті активтер есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфель туралы есеп;

11) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражаты және зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельдер туралы есеп;

12) меншікті активтерді инвестициялау лимиттерінің сақталуы туралы есеп;

13) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражатын және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау лимиттерінің сақталуы туралы есеп.

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы  
2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 119 Қаулыға  
2-қосымша

### Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

### Ақша қалдықтары туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Ақша қалдықтары

(мың теңгемен)

				Есепті кезеңнің соңында		
--	--	--	--	-------------------------	--	--

№	Банктің, заңды тұлғаның атауы	Банктің, заңды тұлғаның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі	Есепті кезеңнің соңында ақша қалдығы, мың теңгемен	теңгемен қайта есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы	Ақшаның барлығы, мың теңгемен	Шығынға арналған бағалау резерві
1	2	3	4	5	6	7
1	Кассадағы ақша					
2	Жолдағы ақша					
2.1						
...						
3	Ағымдағы шоттардағы ақша:					
3.1	"жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің ақшасы					
3.1.1.						
...						
3.2	"өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің ақшасы					
3.2.1.						
...						
3.3	зиянды өтеу резервінің ақшасы					
3.3.1.						
...						
3.4	меншікті ақша					
3.4.1.						
...						

4	Брокерлік шоттардағы ақша:					
4.1	"жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің ақшасы					
4.1.1.						
...						
4.2	"өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің ақшасы					
4.2.1.						
...						
4.3	зиянды өтеу резервінің ақшасы					
4.3.1.						
...						
4.4	меншікті ақша					
4.4.1.						
...						
5	Басқа да ақшалай қаражат					
5.1						
...						
6	Барлығы					

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ақша қалдықтары туралы  
есеп нысанына  
қосымша

**Ақша қалдықтары туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 2 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Ақша қалдықтары туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктің рейтингі мен атауы көрсетіледі.

6. 4-бағанда есепті кезеңнің соңындағы мың теңгемен ақша қалдығы көрсетіледі.





1	ыру" саласы бойынш а сақтанд ыру төлемде ріне кепілдік беру резерві қаражат ының есебінен орналас тырылға н салымда р									
1.1	Талап етілгенг е дейінгі салымда р									
...										
1.2	Мерзімд і салымда р									
...										
1.3	Жинақ салымда р									
...										
1.4	Шартты салымда р									
...										
2	"Өмірді сақтанд ыру" саласы бойынш а сақтанд ыру төлемде ріне кепілдік беру резерві									



...										
3.3	Жинақ салымдар									
...										
3.4	Шартты салымдар									
...										
4	Меншікті актив есебінен орналас тырылған салымдар									
4.1	Талап етілгенге дейінгі салымдар									
...										
4.2	Мерзімді салымдар									
...										
4.3	Жинақ салымдар									
...										
4.4	Шартты салымдар									
...										
5	Барлығы									

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Орналастырылған салымдар  
туралы есеп нысанына  
қосымша

**Орналастырылған салымдар туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 3 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Орналастырылған салымдар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтингі көрсетіледі.

6. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22

ақпандағы № 99 бұйрығында айқындалған есепті кезеңнің соңында валютаны айырбастаудың нарықтың бағамы бойынша қайта есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығының сомасы көрсетіледі.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы  
2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 119 Қаулыға  
4-қосымша

### Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет ресурсында орналастырылған

### Бағалы қағаздар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 4 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

### Кесте. Бағалы қағаздар

№	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны (данамен)	Бағалы қағаздың номиналдық (құны не сатып алу құны)	Бағалы қағаздың валютасы	Кірістілік, пайызбен
1	2	3	4	5	6	7	8
1	"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві қаражатының есебінен сатып алынған						

	бағалы қағаздар						
1.1							
...							
2	"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві қаражатының есебінен сатып алынған бағалы қағаздар						
2.1							
...							
3	Зиянды өтеу резерві қаражатының есебінен сатып алынған бағалы қағаздар						
3.1							
...							
4	Меншікті қаражат есебінен сатып алынған бағалы қағаздар						
4.1							
...							
5	Барлығы						

**кестенің жалғасы:**

Баланстық құны (нетто) (мың теңгемен)					
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар		Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар		Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	
барлығы	оның ішінде есептелген сыйақы сомасы	барлығы	оның ішінде есептелген сыйақы сомасы	барлығы	оның ішінде есептелген сыйақы сомасы

9	10	11	12	13	14
...					

кестенің жалғасы:

Зиянға бағалау резерві, мың теңгемен	Бағалы қағаздардың жиынтық сатып алу құны, мың теңгемен	Сатып алу кезінен бастап құны өзгеруі (9-баған + 11-баған + 13-баған) - 16-баған)	Сатып алу күні	Өтеу күні	Ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі
15	16	17	18	19	20
...					

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Бағалы қағаздар туралы  
есеп нысанына  
қосымша

**Бағалы қағаздар туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 4 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай

бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0-ге (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3-бағанда бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.

6. 5-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

7. 6-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін облигацияның номиналды немесе сатып алу құнының оны шығару кезінде айқындалған ақшалай көрінісі, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигация ұстаушыға төленуге жататын сома көрсетіледі. Сомасы шығару валютасымен көрсетіледі.

8. 7-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2019 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

9. 8-бағанда купондар бойынша пайыздық кірістілік көрсетіледі.

10. 9-бағанда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.

11. 11-бағанда басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.

12. 13-бағанда амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы  
2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 119 Қаулыға  
5-қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

## **"Кері репо", репо операциялары туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 5 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша



Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. "Кері репо", репо операциялары

(мың теңгемен)

№	"Кері репо", репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаз эмитентінің атауы	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Репо шарты жасалған күні	Репо шартының нөмірі	Күні	
					ашу	жабу
1	2	3	4	5	6	7
1	"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражаты есебінен жасалған "кері репо", репо операциялары					
1.1	Автоматты тәсілмен жасалатын "кері репо" операциялары					
1.1.1	(эмитенттің атауы)					
...						
1.2	Репо операциялары					
1.2.1	(эмитенттің атауы)					
...						
	"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша					

2	сактандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві қаражатының есебінен жасалған " " кері репо", репо операциялары					
2.1	Автоматты тәсілмен жасалатын " " кері репо", репо операциялары					
2.1.1	(эмитенттің атауы)					
...						
2.2	Репо операциялары					
2.2.1	(эмитенттің атауы)					
...						
3	Зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен жасалған " " кері репо", репо операциялары					
3.1	Автоматты тәсілмен жасалатын " " кері репо" операциялары					
3.1.1	(эмитенттің атауы)					
...						
3.2	Репо операциялары					
3.2.1	(эмитенттің атауы)					
...						
4	Меншікті қаражат есебінен жасалған " " кері репо",					

	репо операциялары					
4.1	Автоматты тәсілмен жасалатын "кері репо" операциялары					
4.1.1	(эмитенттің атауы)					
...						
4.2	Репо операциялары					
4.2.1	(эмитенттің атауы)					
...						

**кестенің жалғасы:**

Репо операциясының мерзімі, күні	Сыйақы мөлшерлемесі, пайызбен	Бағалы қағаздардың саны	Репо сомасы	
			теңгемен	шетел валютасымен
8	9	10	11	12
...				

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

"Кері репо", репо операциялары  
туралы есеп нысанына  
қосымша

**"Кері репо", репо операциялары туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 5 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Кері репо", репо операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0-ге (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 2-бағанда "кері репо" және (немесе) репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда репо және (немесе) "кері репо" операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

7. 4-бағанда шарттың жасалу күні көрсетіледі.

8. 6-бағанда "кері репо" және (немесе) репо операциясының ашылу күні көрсетіледі.

9. 7-бағанда "кері репо" және (немесе) репо операциясының жабылу күні көрсетіледі.

10. 8-бағанда "кері репо" және (немесе) репо операциясының мерзімі (күндер) көрсетіледі.

11. 9-бағанда репо және (немесе) "кері репо" операциясына қатысушылар белгілеген және жабу бағасы мен жабу мәмілесінің сомасын есептеу үшін пайдаланылатын "кері репо" және (немесе) репо операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

12. 10-бағанда "кері репо" және (немесе) репо операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

13. 11-бағанда "кері репо" және (немесе) репо сомасы (теңгемен) көрсетіледі.

14. 12-бағанда репо және (немесе) "кері репо" операциясының сомасы (шетел валютасымен) көрсетіледі.

15. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

### Дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 6 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Дебиторлық және кредиторлық берешек

(мың теңгемен)

№	Берешектің түрі	Берешек сомасы	Зиян бойынша бағалау резерві
1	2	3	4
1	Дебиторлық берешек, оның ішінде:		
1.1	міндетті жарналар бойынша берешек		
1.2	бастапқы жарналар бойынша берешек		
1.3	қосымша жарналар бойынша берешек		
1.4	төтенше жарналар бойынша берешек		
1.5	регресс бойынша берешек		
1.6	регресс бойынша берешек (зиян келтірген адамға кері талап ету құқығы)		
1.7	активтерді сатуға байланысты берешек		
1.8	зейнетақы аударымдары бойынша берешек		
1.9	жалақы бойынша берешек		

1.10	жеткізушілер мен мердігерлерге төленген аванстар бойынша берешек		
1.11	ұрлау, ысырап және басқа теріс мақсатқа пайдалану бойынша берешек		
1.12	айыппұл, өсімпұл және тұрақсыздық айыбы бойынша берешек		
1.13	басқа да дебиторлық берешек		
2	Кредиторлық берешек, оның ішінде:		
2.1	жарнаны артық төлеу		
2.2	есептелген өзге де жалпы шаруашылық шығыстар		
2.3	активтерді сатып алуға байланысты берешек		
2.4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген қарыздар		
2.5	Қазақстан Республикасының Үкіметі берген қарыздар		
2.6	өзге де ұйымдар берген қарыздар		
2.7	басқа да кредиторлық берешек		

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп нысанына қосымша

## **Дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 6 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3-бағанда дебиторлық және кредиторлық берешектердің сомасы көрсетіледі.

6. 4-бағанда зиян бойынша бағалау резервінің сомасы көрсетіледі.

7. Реттік нөмірлері 1.13 "басқа да дебиторлық берешек" және 2.7 "басқа да кредиторлық берешек" жолдары бойынша ақпарат есептілікке түсіндірме жазбада ашып көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы  
2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 119 Қаулыға  
7-қосымша

### **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

**Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 7 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві

(мың теңге)

№	Баптың атауы	Есепті кезеңнің басындағы сальдо	Кредиттік айналымдар	Дебеттік айналымдар	Есепті кезеңнің соңындағы сальдо
1	2	3	4	5	6
1	"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві, оның ішінде:				
1.1	көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша				
1.2	тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша				
1.3	туристі міндетті сақтандыру бойынша				
1.4	...				
	"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру				



2	төлемдеріне кепілдік беру резерві, оның ішінде:				
2.1	"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аннуитеттік сақтандыру бойынша				
2.2	"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнетақы аннуитеті бойынша				
2.3	Туристі міндетті сақтандыру бойынша				
2.4	...				
3	Зиянды өтеу резерві				
4	Барлығы				

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Сақтандыру төлемдеріне  
кепілдік беру резервтері және  
зиянды өтеу резерві туралы  
есеп нысанына  
қосымша

**Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 7 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-жол бойынша "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві көрсетіледі.

6. 2-жол бойынша "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві көрсетіледі.

7. 3-бағанда есепті кезеңнің басындағы сальдо көрсетіледі.

8. 4-бағанда кредиттік айналымдар көрсетіледі.

9. 5-бағанда дебеттік айналымдар көрсетіледі.

10. 6-бағанда есепті кезеңнің соңындағы сальдо көрсетіледі.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

## Инвестициялық кірістер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 8 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Инвестициялық кірістер

(мың теңге)

№	Атауы	Есепті кезеңдегі сома	Өспелі қорытындымен жыл басынан бергі кезеңдегі сома
1	2	3	4
1	"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын инвестициялаудан қаржылық нәтиже, оның ішінде:		
1.1	пайыздық кірістер		
1.2	шетел валютасын қайта бағалау нәтижесі		
1.3	қаржы активтері және дебиторлық берешек бойынша кредиттік зиянға провизияларды қалыптастырудың және қалпына келтірудің нетто-нәтижесі		
1.4	басқа да		

2	"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын инвестициялаудан қаржылық нәтиже, оның ішінде:		
2.1	пайыздық кірістер		
2.2	шетел валютасын қайта бағалау нәтижесі		
2.3	қаржы активтері және дебиторлық берешек бойынша кредиттік зиянға провизияларды қалыптастырудың және қалпына келтірудің нетто-нәтижесі		
2.4	басқа да		
3	Зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялаудан қаржылық нәтиже, оның ішінде:		
3.1	пайыздық кірістер		
3.2	шетел валютасын қайта бағалау нәтижесі		
3.3	қаржы активтері және дебиторлық берешек бойынша кредиттік зиянға провизияларды қалыптастырудың және қалпына келтірудің нетто-нәтижесі		
3.4	басқа да		
4	Меншікті активтерді инвестициялаудан қаржылық нәтиже, оның ішінде:		
4.1	пайыздық кірістер		
4.2	шетел валютасын қайта бағалау нәтижесі		
4.3	қаржы активтері және дебиторлық берешек бойынша кредиттік зиянға провизияларды қалыптастырудың және қалпына келтірудің нетто-нәтижесі		
4.4	басқа да		

5	Барлығы, оның ішінде:		
5.1	пайыздық кірістер		
5.2	шетел валютасын қайта бағалау нәтижесі		
5.3	қаржы активтері және дебиторлық берешек бойынша кредиттік зиянға провизияларды қалыптастырудың және қалпына келтірудің нетто-нәтижесі		
5.4	басқа да		

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Инвестициялық кірістер  
туралы есеп нысанына  
қосымша

**Инвестициялық кірістер туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 8 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Инвестициялық кірістер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз)

теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда инвестициялық кірістер мен шығыстар сомасы көрсетіледі.

6. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы  
2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 119 Қаулыға  
9-қосымша

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет ресурсында орналастырылған

## Жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 9 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Жалпы және әкімшілік шығыстар

(мың теңгемен)

№	Шығыстарды сыныптау	Есепті қаржы жылының басынан бергі кезеңдегі сома
1	2	3
1	Еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру бойынша шығыстар	
2	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу бойынша шығыстар	
3	Материалдық көмекті төлеу бойынша шығыстар	

4	Медициналық сақтандыруға арналған шығыстар	
5	Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуге арналған шығыстар	
6	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар	
7	Іссапар шығыстары	
8	Өкілдік шығыстар	
9	Коммуналдық қызметтерді төлеуге және ғимаратқа қызмет көрсетуге арналған шығыстар	
10	Пошта және курьерлік шығыстар	
11	Материалдарға арналған шығыстар	
12	Жарнамаға арналған шығыстар	
13	Аудиторлық және консультациялық қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстар	
14	Міндетті сақтандыру бойынша шығыстар	
15	Қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған шығыстар	
16	Бағдарламалық қамтамасыз етуге ілеспе қызмет көрсету бойынша шығыстар	
17	Мүшелік жарналарды төлеуге арналған шығыстар	
18	Банктер мен брокерлердің қызметтері	
19	Кастодиан қызметтеріне арналған шығыстар	
20	Аутсорсинг шығыстары	
21	Көлікке қызмет көрсету және оны пайдалану жөніндегі шығыстар	
22	Негізгі құралдарды жөндеу	
23	Үшінші тұлғалардың қызметтері	
24	Басқа да шығыстар	
25	Барлығы	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны  
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы  
Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Жалпы және әкімшілік  
шығыстар туралы есеп  
нысанына қосымша

**Жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – 9 - OGOSV, кезеңділігі – ай сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 3-бағанда шығыстар сыныптамасына сәйкес жалпы және әкімшілік шығыстардың сомасы көрсетіледі (2-баған).

6. "Басқа да шығыстар" 24-жол бойынша ақпарат есептілікке түсіндірме жазбада ашып көрсетіледі.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Ұлттық  
Банкінің Төрағасы  
2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 119 Қаулыға  
10-қосымша



## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет ресурсында орналастырылған

**Жүзеге асырылған кепілдік төлемдері, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 10 - OGOSV

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Жүзеге асырылған кепілдік төлемдері, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер

(мың теңгемен)

№	Атауы	Есепті кезеңнің басынан бастап қаржы жылында	Өткен қаржы жылында
1	2	3	4
1	"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша кепілдік төлемдер, оның ішінде:		
1.1	көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша		
1.2	тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша		
1.3	туристі міндетті сақтандыру бойынша		
1.4	...		
2	"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша		

	сақтандыру портфелін төлеу, оның ішінде:		
2.1	көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша		
2.2	тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша		
2.3	туристі міндетті сақтандыру бойынша		
2.4	...		
